



ШЕКАРАШЫ – «ЖЫЛ ТҮЛҒАСЫ»



ЖОМАРТ
ЖҮРЕК

3

ӘНМЕН ӘРЛЕНГЕН ӘСКЕРИ АНТ



6

«Инженерный подъем» подорван



7

ӘСКЕРИ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ АБЫЗЫ



12

ӘСКЕРИ ДОКТРИНАҒА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің әскери доктринасына өзгерістер енгізетін жарлыққа қол қойды.

Мемлекетіміздің жаңартылған әскери доктринасы Президенттің қолымен күшіне енді.

Іргелі құжат жаңа шындыққа бейімдеуге бағытталған қауқарлы қазақ әскерінің бүгінгі келбеті. Жаңартылған әскери доктринада бұрынғы бірқатар шарттарға түзетулермен қатар, ішінара жаңадан енгізілген тұжырымдар да бар.

Құжатта әскери қауіптер мен қауіпсіздікке тікелей әсер ететін заманауи жағдайлар мен деректер атап көрсетілген.

– Әскери-саяси және әскери-стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу мақсатында қарсы тұратын мемлекетті немесе өңір мемлекеттерін «қару-жарак бөсекесіне» тарту, қарулы қарсы күресте олардың ресурстары мен мүмкіндіктерін сарқылту үшін әскери күш көрсету жүзеге асырылуы мүмкін.

– Әскери жанжал басталғанға дейін және қарулы күрес барысында мемлекеттегі жағдайды тұрақсыздандыру, оның әскери

және әскери-экономикалық әлеуетін төмендету мақсатында мемлекеттің әскери ұйымының ақпараттық жүйелеріне, елдің күнделікті тіршілігін қамтамасыз ету жүйелеріне бағдарламалық-техникалық әсер ету (кибершабуыл) жүзеге асырылуы мүмкін.

– Әлемдік аренада мемлекет айналасында теріс ахуалды қалыптастыру мақсатында ақпараттық кеңістікте күшейтілген әсер ету жүргізілуі мүмкін.

Жаңа редакцияланған әскери доктрина жаңа қауіптер мен тәуекелдерге жеткілікті деңгейде әрекет ету үшін мемлекеттің әскери әлеуетін арттырады.

Қорғаныс қабілетін нығайту, қауіп-қатерге ден қоюдың жеделдігін арттыру мемлекеттік маңызы бар басымдықтарға айналуы тиіс.

Аға лейтенант Б.ҚОЖАНТАЙ,
«OS-ЧР». Сурет редакция мұрағатынан.

ШЕФСКИЕ СВЯЗИ

Аким Мангистауской области посетил «Кулалы»

Аким Мангистауской области Нурлан Ногаев, в рамках рабочего визита в Тупкараганский район, посетил 2-й дивизион береговой охраны.

Глава региона ознакомился с жизнедеятельностью морских пограничников и осмотрел в каких условиях живут и несут службу военнослужащие. На сторожевом пограничном корабле «Туркистан» в сопровождении с начальником департамента полковником Асхатом Ахметовым, Нурлан Ногаев также посетил самый дальний пост Казахстана «Кулалы», расположенный на одноименном острове в Каспийском море.

В беседе с морскими пограничниками аким области высоко оценил роль Пограничной службы в защите территориальной целостности государства, поздравил их с наступающим национальным праздником Днем Республики и выразил благодарность за доблестную службу: «Пограничная служба, защищая и охраняя государственную границу страны, обеспечивает экономическое и социальное развитие государства. Каждый день в любую погоду вы отправляетесь на службу по охране границы. Ваша эффективная защита рубежей Родины – залог безопасности наших граждан».

Ознакомившись со всеми аспектами служебно-боевой деятельности дивизиона, аким области выразил готовность оказать необходимую материально-техническую помощь и всестороннюю поддержку по имеющимся проблемным вопросам.



Старший лейтенант А.ЖАНАЛИПОВ,
«OS-ЧР». Фото предоставлено пресс-службой
акимата Мангистауской области.

ӘСКЕРДЕ БОЛДЫҢ – ОҚУҒА ТҮСТІҢ



ЖАҚЫНДА АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА ҚР ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІ ГЕНЕРАЛ-ПОЛКОВНИК Р.ЖАҚСЫЛЫҚОВТЫҢ ЕЛІМІЗДЕГІ ШОҚТЫҒЫ БИІК ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ РЕКТОРЛАРЫ МЕН КЕЗДЕСУІ ӨТТІ. СОНДАЙ-АҚ ШАРАҒА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАС ӘСКЕРИ ПРОКУРОРЫ Д.СЕКЕНОВ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРІ С.НҰРБЕК ҚАТЫСТЫ.

тында қолға алынған бастаманың болашағы бар екенін бүгінгі шара пісенттеп берді.

...Кездесу Қорғаныс министрлігі мен еліміздің жоғары оқу орындарының белгіленген мерзімде қызмет еткен әскери қызметшілерге тегін жоғары

білім алу мүмкіндігін беру жөніндегі бірлескен жобасы шеңберінде өтті. «Меморандум – әскерде болған мерзімді қызмет сарбазын әлеуметтендіру тетіктерінің бірі. Біріншіден, жоғары оқу орындарына өздерін жақсы жағынан көрсетіп, мұқият іріктеуден өткендер келеді. Екіншіден, оқу орындарында әскери орта қатайтқан жастар пайда болады. Мықты, өмірдің кез келген сынына төзімді, тәртіпке үйренген жігіттер студенттер үшін батылдық пен табандылықтың нағыз үлгісі болады», – деді Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықов.

Айту керек, 50-ден астам жоғары оқу орнының басшылары қол қойған келісімде өзара ынтымақтастық бағыттары, мерзімді әскери қызметін өтеген ер азаматтардың тегін білім алуы үшін жыл сайын бөлінетін гранттардың саны айқындалған.

Келісім – 2023 жылдан бастап күшіне енеді. БАҚ өкілдерінің сұрақтарына жауап берген ҚР Қорғаныс министрінің айтуын-

ша, өздерінің Отан алдындағы парыздарын орындаған азаматтарға берілетін жеңілдіктер олардың әскери қызметке деген ынтасын арттырады.

...ҰҚК Шекара қызметінің сапында қызмет атқаруды мәртебе санап, әскерден кейін қызметін осы салада жалғастырғысы немесе ҰҚК Шекара академиясына оқуға түскісі келетіндер аз емес. Тіпті азаматтық өмірге оралып, жоғары білім алуды алдарына мақсат етіп қойғандар көптеп кездеседі. Демек, бүгінгі жасалған келісімдерді біздің ел шебіндегі сарбаздардың қуана қарсы алатыны хақ. Ал мұндай жағдайда сарбаздар тәртіпті, жауынгерлік даярлығы жоғары, өзіне жүктелген міндетке асқан жауапкершілікпен қарай білсе болғаны. Осы талаптың үдесінен шыққан сарбаз үшін еліміздегі өзі қалаған жоғары оқу орнының есігі айқара ашық!

**Журналист
Т.ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».**
Сурет ҚР ҚК Баспасөз қызметінен алынды.

ШАРА

ИДЕОЛОГИЧЕСКАЯ РАБОТА – В НОГУ СО ВРЕМЕНЕМ

В современный период развития Вооруженных сил все более отчетливо проявляется тенденция возрастания роли идеологии. Это позволяет по-иному взглянуть на идеологическую деятельность, требует постановки качественно новых задач и значительно более высоких требований к идеологической, воспитательной и психологической работе в Вооруженных силах, других войсках и воинских формированиях.

В сентябре прошлого года Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев утвердил новую концепцию строительства и развития Вооруженных сил страны, направленную на повышение обороноспособности государства, обеспечение боеготовности Вооруженных сил, других войск и воинских формирований.

В рамках этих требований оборонное ведомство Казахстана стремится модернизировать не только боевой и технический потенциал войск, но и сформировать у личного состава систему мировоззренческих ценностей, нацеленных на военно-политическое ориентирование, формирование в сознании и поведении военнослужащих общественно значимых идеалов, идей патриотизма, мотивов служения Родине, государственных интересов и высоких духовных потребностей.

13 октября т. г. Приказом Министра обороны Республики Казахстан № 911 утверждены «Правила организации воспитательной, социально-правовой, психологической и идеологической работы с личным составом Вооруженных Сил Республики Казахстан».

Правила направлены на формирование у военнослужащих необходимых морально-боевых качеств необходимых для защиты Республики Казахстан, а также повышения их психологической устойчивости к высоким психическим и физическим нагрузкам, невосприимчивости к деструктивной идеологии, предотвращения суицидальных происшествий среди личного состава, устранения причин и условий, способствующих их совершению.

**Майор А. БАГДАТОВА,
«OS-ЧР».**

Шекарашылармен кездесу өткізілді

Жақында ҰҚК Шекара қызметі Түркістан облысы бойынша департаментінің жеке құрамымен «Аманат» партиясы мен әскери полиция басқармасының өкілдері кездесу өткізді. Іс-шара барысында арнайы келген қонақтар шекарашылармен емен-жарқын әңгімелесу дәрісін өткізді.



«Аманат» партиясының Еңбекші ауданы бойынша атқарушы хатшысы Г. Жартыбекова ел аумағында жүріп жатқан президенттікке сайлау жұмыстары мен халықтық коалиция атынан ұсынылған Қ.Тоқаевтың өзіндік бағдарламасы туралы жеке құрамды хабардар етті. Сонымен қатар атқарушы хатшы ағымдағы жылдың 20-қарашасына белгіленген ел президенті сайлауында белсенділік танытып, дауыс беруге шақырды.

Естеріңізге салатын болсақ, Қазақстан Республикасының кезектен тыс президент сайлауы 2022 жылдың 20 қарашасында өтеді деп жоспарланған. Бұл Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғаннан бері өткізілген жетінші президенттік сайлау және 1999 жылдан бері қатарынан алтыншы кезектен тыс

сайлау болмақ. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылдың 1 қыркүйегінде Қазақстан халқына жолдауында президенттік мерзімнің ең көп санын екіден бір жылға дейін қысқартуды және президенттік мерзімін бес жылдан жеті жылға дейін ұлғайтуды ұсынған болатын.

Сонымен қатар осы отырыс барысында сөз алған Сарыағаш гарнизоны бойынша әскери полиция басқармасының кіші жедел уәкілі аға лейтенант А.Нұрсұлтанов жеке құрам арасындағы жол-көлік оқиғаларының себебі мен салдарына тоқталып, аталмыш тақырып бойынша арнайы дайындалған бейнеролик жеке құрам назарына ұсынылды.

**Капитан Р. НҰРМЕТ, «OS-ЧР»,
суретті түсірген автор.**



ШЕКАРАШЫ – «ЖЫЛ ТҰЛҒАСЫ»

Сүйінші жаңалық, ҰҚК Шекара қызметінің әскери қызметшісі дәстүрлі «Жомарт жүрек - 2022» республикалық сыйлығының «Жыл тұлғасы» атанды. Бұл – ҰҚК Шекара қызметі Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментіне қарасты «Сайқын» (автокөліктік) шекаралық бақылау бөлімшесінің бақылаушысы сержант Нұрлыбек Иманбаев.

Халық арасында «Атымтай Жомарттар» болады. Олар өздерінің жасаған жақсылықтарын ешкімге жар салмайды. Барлығын үнсіз тындырады. Біздің шекарашы әріптесіміз де дәл «Атымтай Жомарттың» дәл өзі. Өйткені, ол да өзінің қайырымдылық ісін жаһанға жар салғысы келмегені былай тұрсын, тіпті журналистерге де сұхбат беруден бас тартты. Алайда, халқымыз өзінің патриот ұлын, бүгінгі күннің батырын білуге тиіс. Бұл тәуелсіз еліміздің өскелең ұрпақтарын тәрбиелеуге, үлгі етуге аса қажет... Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі 2018 жылы тағайындаған «Жомарт жүрек» сыйлығының мақсаты да осы: еліміздегі «Атымтай Жомарттарды» анықтап, оларды халыққа паш ету.

...Сержант Н.Иманбаевтың қандай қадамға барғаны туралы республикалық БАҚ өкілдері жарыса жазды. Шекарашы өзі ұтып алған су жаңа автокөліктің ақшасын үшке бөліп, «Қаралы қаңтар» оқиғасы кезінде қаза тапқан екі шекарашы курсанттың отбасына, қатерлі ауруға шалдыққан баланың еміне және әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың баспаналы бо-



ды. Азық-түлік, мектепке қажетті киімдер мен оқу құралдарын алып береді. Бірақ мұны ол «Мектепке жол» акциясының аясында емес, өзінің азаматтық парызы ретінде жасайды.

Ол салауатты өмір салтын ұстанады. Спортпен тұрақты айналысады. Әсіресе, футболды қатты ұнатады. Әкесінің хоббиі қос ұлы Нұртілек пен Нұрәлемге де дарыған. Біздің білуімізше, Нұртілектің спорттағы қол жеткізген жеңістері аз емес көрінеді. Есімі ерекше балақай – Нұрәлем болса, «спорт деген бір сиқырға» бет бұрғаны енді ғана екен. Тағы, шекарашының шаңырағында Назлы есімді тамаша қызғалдақ бұр атып келеді.

Осындай шекарашының сүйіп қосылған аяулы жары туралы да тоқталмай

кетуге болмайды. Себебі бастауыш сынып мұғалімі болып жұмыс істейтін Дина Тынысқызы – шекарашының тылдағы ең сенімді серігі. Отбасының тірегі. Ел шебінің күн мен түнге жалғасқан қызметіндегі отағасының тілеуін тілеп, балаларын тәрбиелеп отырған бақытты ана.

Бізді тағы бір тәтті еткені, Нұрлыбек тоқсанның төріне шыққан абыз атаның ұлы. Шекарашының әкесі Машан ағамыз мен оның бәйбішесі Күмісханым ауыл-аймаққа сыйлы, бақуатты жандар.

Осындай атаның ұлы қалайша жомарт жүректі болмасын?!

...Өткен аптада өткен «Жомарт жүрек» республикалық сыйлығының жеңімпаздарын марапаттау рәсіміне қатысқан ҚР Ақпарат және даму вице-министрі Данияр Қадиров:

– Біздің халқымыз қайырымдылықты адамның таза ниеті мен адамгершілік қарым-қатынасын бейнелейтін жақсылық пен тектіліктің белгісі деп санаған. Тарихи



луына көмектесетін қайырымдылық қорына аударған. Өзінің ұтысы туралы: «...Желмен келген желмен кетеді» демей ме? Мандай терімізбен тапқан ақшамыз емес. Бұдан да ақшаның мұқтаж жандарға пайдасы тисін деп ойладық», – дегені де «Әп-бәрекелді!» дегізді...

Жасыратыны жоқ, біздің «Жомарт жүрек иесі» туралы бар білеріміз осы. Сондықтан, білегімізді сыбанып жіберіп, журналистік «іздеу-із кесуге» кіріскен едік. «Алтын көмбеге» жолықтық.

Сөйтсек, бұл – Нұрлыбек үшін алғашқысы да, соңғысы да емес көрінеді. Қалай дейсіз бе? Қуана бөлісеміз. Шекарашы ауылдағы әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларына қолынан келгенше үнемі көмектесіп тұра-

тұрғыдан алғанда, біздің елімізде қиындыққа тап болған адамға қол ұшын созу көптеген ғасырдан бері қалыптасқан дәстүр, – деді.

Еліміздегі «Атымтай Жомарттар» үшін дәл тауып айтылған. Солардың қатарында біздің үлгі тұтар шекарашы патриоттарымыздың бірі сержант Н.Иманбаев.

Біз қызметінде алда, әріптестерінің арасында сыйлы, бастамашыл Нұрлыбекпен – «Жомарт жүрек» республикалық байқауының «Жыл тұлғасы» сыйлығының иегерімен мақтанамыз!

Майор Р.ҚАБДОЛДАНОВ, «OS-ЧР».
Суреттерді түсірген лейтенант А.СӘБИЕВ.

ЕРЛІК есеппен жасалмайды

Еліміздің ұлттық мерекесі 25 қазан – Республика күніне орай, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен, ҰҚК Шекара қызметінің жеті әскери қызметшісі мемлекеттік марапатқа ие болды. Атап айтар болсақ, алты шекарашы «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталса, бір әріптесіміз III-дәрежелі «Айбын» орденінің иегері атанды.

Аталған марапатты иелеріне ҚР Ұлттық қауіпсіздік Төрағасы генерал-лейтенант Е.Сағымбаев елорда төрінде өткен салтанатты жиында табыс етті. Бұл туралы газеттің өткен санында жазылған болатын. Десек те бейбітсүйгіш халқымыз һәм шекарашылар бүгінгі күннің батырлары жайында тереңірек білгені жөн. Осы орайда, біз сын сағат туғанда ерліктің есеппен жасалмайтынын дәлелдеген жеті қаһарманымыз туралы қалам тербегенді мақсат тұттық. Сонымен, әңгімеміздің әлқиссасын III дәрежелі «Айбын» орденінің иегерінен бастайық.

Прапорщик Ә.ТАУ:



Әнуар Қалиұлы Тау ҚР ҰҚК Шекара қызметі Түркістан облысы бойынша департаментіне қарасты Сарыағаш ауданы бойынша шекара басқармасының «Жібек жолы» шекаралық бақылау бөлімінде қызмет атқарады. Шекарашылар сапында 2001 жылдан бері.

Қырағылық іс-әрекетінің арқасында ол ірі көлемдегі есірткі затының ел аумағына өткізілуіне жол берген жоқ. Ал оқиға ағымдағы жылдың 22 шілдесінде өрбіген. Прапорщик Ә.Тау көрші өзбек елінен келе жатқан Тәжікстан Республикасының азаматы тізгіндеген «Форд Мондео» жеңіл автокөлігін әдеттегідей өзінің төрт аяқты сенімді серігі Белканың көмегімен тексеруге кіріседі. Бір кезде қызметтік ит жанармай құйылған ыдыстың ішінде есірткі затының бар екенін білдіреді. Тереңдетіп тексерген кезде аталған ыдыстан жалпы салмағы 30 келіден астам 63 полиэтиленді орама табылды.

Сөйтіп, шекарашы мен оның иісшіл иті Белканың арқасында ірі көлемдегі есірткі шекарадан өткен жоқ.

«Қаңтар оқиғасы» әлі ұмытыла қойған жоқ. Тәуелсіз еліміздің тыныштығына сызат түсіргісі келген бүлікшілермен бетпе-бет келген күштік құрылымдардың қатарында болған ҰҚК Шекара қызметінің Алматы қаласындағы гарнизоны да батылдық пен табандылықтың үлгісін таныта білді. Солардың бірі...

Майор Саян ЖҰМАДІЛОВ:

ҰҚК Шекара қызметі Жетісу бойынша департаментінің шекаралық бақылау басқармасының аға офицері майор С.Жұмаділов ағымдағы жылдың 5 қаңтарында қала әкімдігін басып алуға тырысқан ланкесшілермен қанды қақтығыс кезінде ғимараттың екінші қабатында басынан ауыр жараланған полковник А.Крестининді көріп, шекарашыны құтқару үшін өзінің басын бәйгеге тігеді... Ол офицерді қауіпсіз жерге апарып, есін жиғызады. Сосын қалған жаралыларды да сыртқа шығару үшін қақтығыс болып жатқан жерге қайта оралған офицерді белгісіз біреулер басынан темір сүйменмен ұрып, жерге құлатады. Осылайша ланкесшілердің тұтқынына түскен ол есін әкімдікке қарама-қарсы «Хабар» телерадиокешенінде жинайды.

Ол өзінің басынан ауыр жараланғанына қарамастан, осы ғимаратта болған жаралы әскери қызметшілер мен полиция қызметкерлеріне көмектеседі. Өзге тұтқындармен бірге бүлікшілерді араларындағы ауыр жаралыларды босатуға көндіріп, далаға алып шыққан тоғыз әскери қызметшіні жақын маңдағы көліктердің біріне салып, шаһардағы жедел медициналық көмек көрсететін ауруханаға жөнелтеді...



Медицина қызметінің капитаны Келбет ҚАБЫЛОВА:



Ауыр жаралыларды алып шығу үшін қырғын болып жатқан жерге төрт мәрте кіру – көзсіз ерлік емес деп кім айта алады?! Ал осы ерлікті тағы да ер азамат емес, ару жасаса...

Дәрігерлерге Ұлы Отан соғысының қанды қырғын шайқастарында да ешкім кедергі келтіре алмаған. Келтірсе тек есін жоғалтып, адамнан жабайы аңға айналғандар ғана келтіруі мүмкін. «Қаралы қаңтар оқиғасы» кезінде бүлікшілер де өздерінің адамдық қалыптарын жоғалтып еді... Бірақ, бұл – Алматы облысы бойынша департаментінің Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты медициналық қамтамасыз ету тобының офицері медицина қызметінің капитаны К.Қабылованы да тоқтата алмаған. Дәрігер бастаған жедел жәрдем қызметкерлері жаппай тәртіпсіздік оранған қалалық әкімдіктің аумағына кіріп, жаралыларға алғашқы медициналық көмек көрсеткен соң ҰҚК Әскери госпиталіне жеткізгенше тынбады... Тіпті бүлікшілердің жедел көмек көлігіне шабуыл жасағандарына да қараған жоқ. Осындай жанкешті қимылының арқасында Келбет Қуанышбекқызы 25 әскери қызметшінің өмірін сақтап қалды.

Аға сержант Шухрат ТОҚТАРБАЕВ:

Шекарашы Аламты облысы бойынша департаментіне қарасты Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасында қызмет атқарады.

«Қаңтар оқиғасы» кезінде Алматы қаласының әкімдігін жаппай тәртіпсіздікке бой алдырғандардан қорғау мақсатында жасакталған жеке құрамды жеткізу үшін Шухрат өзінің қызметтік көлігімен Шонжы мен шаһарға дейінгі аралықты кесіп өтті.

Өз басына төнген қауіп-қатерге қарамастан ол оқиға орнынан зардап шеккен және жараланған 75 әскери қызметшіні алып шықты.



Медицина қызметінің аға лейтенанты Мұхит ҚАНТАРБАЕВ:

ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты жылжымалы медициналық кешеннің бөлімше бастығы медицина қызметінің аға лейтенанты М.Қантарбаев қаңтар оқиғасы кезінде жаралыларды қаладағы аурухана, әскери госпиталдарға жеткізу үшін тыным тапқан жоқ. Әскери формада

екенін көріп, өзін қоршап алған бүлікшілердің талаптарына көнбегені былай тұрсын, жаралыларды олардың хан-талапайына салуға жол бермейді. Осыдан кейін ғана барып, үстіндегі киімін медициналық формаға ауыстырған ол жаралыларға госпиталға жеткізу секілді маңызды миссиясын қайта жалғастырады...

Сол жолы офицер алғырлығы мен батылдығының арқасында 20-дан астам әскери қызметшінің өмірін ажалдан аман алып қалды.

Аға сержант Талғат БАТЫРБЕКОВ:

«Қаңтар оқиғасында» «КАМАЗ-43269» брондалған техникасын тізгіндеген ҰҚК Шекара қызметі Техниканы және қару-жарақтарды жөндеу басқармасының бөлімше аға технигі Т.Батырбеков әскери қызметшілер мен жаралыларды көшіру секілді жауынгерлік тапсырманы орындау кезінде өшпес ерліктің үлгісін көрсетті.

...Көктөбе телемұнарасын қорғау кезінде шекарашылар мен белгісіз тұлғалардың арасында қарулы қақтығыс болғанын бүкіл жұртшылық біледі. Ал осы ұрыс кезінде Талғат басқарған әскери машина шекарашыларға қарата оқ атқан бес көлікті соғып өтіп, шайқастың соңғы нүктесін қойды...

Алайда, жауынгерлік тапсырма орындау кезінде батыл шекарашы иығынан жараланды. Бірақ, соған қарамастан ол өзіне жүктелген міндетті жалғастыра берген...

3-ші сыныпты сержант Ерлан ТІЛЕУБЕРГЕНОВ:

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қамтамасыз ету басқармасының жүргізушісі Ерлан Сержанұлы шекарашылар сапында 2006 жылдан бері.

Ал тәуелсіздігімізге қауіп төнген сәтте стратегиялық маңызы бар аумақтан табылған біздің әріптесіміз үшін сол күнгі оқиға нағыз оқ пен оттан бірде кем емес еді.

Өзі тізгіндеген «УАЗ» көлігімен Республика алаңы мен ҰҚК Әскери госпиталінің арасына жол салған шекарашының арқасында 40-қа тарта ауыр жаралы өлім аузынан аман қалды. Техниканы ұршықша иіргенінің арқасында оқиға орында қансырап жатқандарды бүлікшілердің тап иегінің астынан алып кеткен ерлігі үшін шекарашыға «Виват» дейміз!

...Міне, сойтіп, біз жоғарыда тілге тиек еткен алты шекарашы жауынгерлік тапсырманы орындау кезінде танытқан көзсіз ерліктері үшін ҚР Президентінің Жарлығымен «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Бірақ олар осы бір ауыр сын сағатта ерлік жасап, көзге түсуді көздеген жоқ. Бар болғаны, өздерінің Отан алдындағы міндеттерін орындады!

Журналист Т.ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».
Суреттерді түсірген автор.

ҚЫРАҒЫ КАМЕРА ҚАЛТ ЖІБЕРМЕЙДІ

Оған шекара шебін көздің қарашығындай қорғауға мүмкіндік берген бейнекамера жүйесін қолдана отырып, ҚР ҰҚК Жамбыл облысы бойынша департаментіне қарасты «Бесағаш» шекара бөлімшесінің сақшылары жауапты аумақта Қызыл кітапқа енгізілген 9 сұңқарды көрші Қырғыстан елінің аумағына заңсыз әкету әрекетінің жолын кескендер дәлел болды.

Ал оқиғаға келер болсақ, «Бесағаш» шекара бөлімшесінің техникалық бақылау бекеті шекара нарядының операторлары келісімшарт бойынша әскери қызметші қатардағы жауынгер Бекарыс Ақмағамбет пен мерзімдік әскери қызметші қатардағы жауынгер Ильяс Абраров монитор арқылы аумақты бақылап отырды. Сағат 14.30-дың шамасында, мемлекеттік шекара сызығына жақындап келе жатқан белгісіз азаматтарды байқап, дереу арада шекара бөлімшесінің кезекшісіне баяндап, аға шекара наряды қатардағы жауынгер Бекарыс өзіне бағынышты кіші шекара наряды қатардағы жауынгер Абраровқа белгісіздердің іс-қимылдарын әрі қарай бақылауды жалғастыруды тапсырып, өзі сол жаққа ғарай шұғыл түрде бет алады.

Біраз уақыт өте келе әлгі адамдар тікенек цинкті сымға жақындап, шекараның арғы жақ бетінде күтіп тұрған белгісіз біреулерге қолындағы жәшіктерін тапсырмақшы болады. Алайда заң бұзушы жүгіріп келе жатқан шекара нарядын байқап қалады. Сол сәтте қатардағы жауынгер Б.Ақмағамбет: «Токта! Бұл Мемлекеттік шекара!», – деп айқай салады. Шекарашының заңды талабын ести салысымен, олар жан-жаққа апыл-ғұпыл қаша жөнеледі. Қазақстан жағынан келген азамат қолындағы затын жерге құлатып алып көлікке отырып, ал шекараның арғы жақ бетіндегілері атқа мініп оқиға орнынан таса болады. Аға шекара наряды қатардағы жауынгер Б.Ақмағамбет бұзушылардың



Бүгінгі қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бақылау бейнекамералардың рөлі ерекше екені бәрімізге мәлім. Кез келген қауіпсіздікті талап ететін мекемелерде бейне бақылау камералары орнатылған. Заманауи технологиялар ел қауіпсіздігін қамтамасыз етумен қатар, қылмыстың алдын алу, орын алған оқиғалардың мән-жайларын анықтауда таптырмайтын бірегейлі құрал болып табылады. Мұндай заман талабына сай озық технологиялар Шекара қызметінде де үлкен сұранысқа ие. Ел шебінде қолданысқа енгізілген инновациялық құрал-жабдықтар жеке құрамның ұтқырлығын, жауынгерлік іс-қимылдардың жүргізу тиімділіктерін арттыра түсті.

тастап кеткен заттарын, не барын анықтау себебімен ашып қараса, сұңқар «балобан» атты еліміздің қызыл кітабына енген құсының 9 данасын анықтады.

Осылайша шекарашылардың қызметтегі қырағылығы мен дереу шара қолдануларының нәтижесінде мемлекеттік шекара арқылы өткізбекші болған контрабандалық іс-әрекетке уақытылы тосқауыл қойылды.

Оқиға орнына дереу келген «Дабыл тобы» сұңқар «балобан» құсын жергілікті полиция қызметкерлері мен «ОХОТЗООПРОМ» РМҚК қызметкерлерін шақырып, табыстады.

Қазіргі таңда дерек бойынша құзырлы органдармен тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде. Сирек кездесетін және жойылып бара жатқан құстар

жағдайдың мән-жайы анықталғанша Шымкент қаласының жануарлар бағына тапсырылған.

Елімізде аншылар арасында сұранысқа ие болған сұңқар «ителгі» құсын жыртқыш құстарының саны браконьерлерлік аулау мен контрабандашылардың кесірінен қарқынды түрде азайып келеді. Сол себепті әрбір шекарашы өзінің қызмет өткеріп жатқан шекара бөлімшелерінде қырағылықпен, бақылау барысында сабырлық танытып, ата бабадан қалған қасиетті жерімізді қорғау әркімге бұйырмайтын бақ екенін естен шығармаңыздар!

Аға лейтенант А.ЖЕКСЕНБИН,
«Бесағаш» шекара бөлімшесі
бастығының орынбасары.
Суреттерді түсірген автор.

О МЕРАХ ПО НЕДОПУЩЕНИЮ РАСПРОСТРАНЕНИЯ НАРКОТИКОВ

В рамках противодействия распространению наркотических и психотропных веществ, Комитетом национальной безопасности продолжается реализация комплекса оперативно-розыскных мероприятий по пресечению наркоугроз.

Так, в июле-октябре текущего года КНБ проведено 36 антинаркотических операций, в том числе, совместно с партнерами из России, Узбекистана и Кыргызстана.

Ликвидированы 11 международных и 14 региональных каналов наркотрафика. Нейтрализована деятельность 4 подпольных лабораторий по производству синтетических наркотиков.

В ходе спецопераций задержаны 59 участников наркоструктур. Из незаконного оборота изъято более 282 кг наркотиков, в

том в числе 32 кг героина, 11 кг опия, 60 кг синтетических наркотиков, 156 кг марихуаны, 22 кг гашиша. Кроме того, выведено из оборота 861 таблетка «экстази» и более 3 тонн химических реагентов, предназначенных для изготовления психотропных веществ.

Мероприятия по противодействию международному наркобизнесу продолжаются.

Пресс-служба КНБ РК.



В РИТМЕ ГРАНИЦЫ

ЗНАНИЯ В ДЕЙСТВИИ

Не так давно начались трудовые будни для молодых выпускников пограничной «альма - матер», парадная форма с золотыми погонами заняла свое место в шкафу. Надев повседневный камуфляж молодые лейтенанты приступили к охране рубежей Родины.

С пресечения незаконного провоза через Государственную границу Республики Казахстан оружия открылась копилка задержаний лейтенанта Серика Конарова, офицера первой группы отделения пограничного контроля «Косак» (автомобильное).

Задержание было произведено в сентябре текущего года, при несении им



службы в пограничном наряде. При досмотре транспортных средств и грузов Серик выявил пистолет 9 мм калибра с 6 патронами к нему. 13 октября он выявил электрошокер. Через неделю его «копилка задержаний» пополнилась очередным выявлением электрошокера.

Родился наш герой в 2000 году в Бейнеуском районе Мангистауской области. В 2018 году окончил среднюю школу имени Абая. Учебу Серик совмещал с занятиями в спортивной школе, благодаря чему имеет 1 разряд по боксу и является чемпионом своей области. В старших классах у целеустремленного подростка появилось желание стать защитником Отечества, и он решил поступить в Пограничную академию КНБ.

Годы учебы, по словам офицера, пролетели очень быстро. Было много интересного и познавательного. Благодаря труду опытного преподавательского состава академии военная наука давалась легко.

Впереди у молодого офицера сложный путь. Чтобы стать настоящим профессионалом своего дела ему предстоит постоянно совершенствоваться и развивать полученные знания. Ежедневно он будет встречаться с тысячами людей, желающими пересечь государственную границу, с совершенно разными намерениями. На него возложена первостепенная задача - оградить страну от злоумышленников, разоблачая их намерения. Хочется пожелать молодому офицеру успехов в деле охраны рубежей нашей Родины и блистательной карьеры.

Майор А. БАГДАТОВА, «ОС-ЧР».
Фото майора Д. УРАЗБАЕВА.

ӘНІМЕН ӘРЛЕНГЕН ӘСКЕРИ АНТ



Ағымдағы жылдың 23 қазанында ҰҚК Шекара қызметі Техниканы және қару-жарақтарды жөндеу басқармасының кәсіптік-техникалық және дайындық бөлімінде жас жауынгерлер курсынан өтіп жатқан 170-тен астам жас сарбаз өз Отандарына адал қызмет етуге ант берді. «Күз-2022» шақырылымының сарбаздарына арналған салтанатты рәсімге олардың ата-ана, туған-туыстары мен достары қатысып, болашақ шекарашылардың өміріндегі атаулы мерекенің куәсіне айналды.

...Аталған басқарманың айқара ашылған қақпасынан енген қарақұрым халықтың санында есеп жоқ еді. Араларында құндақтаулы нәрестеден бастап, немерелерін көріп, сағыныштарын басу үшін алыстан арылтып жеткен ата-әжелерге дейін бар. Белгіленген уақытқа жарты сағат қалғанда бүгінгі шара өтетін орталық алаңнан табылған қалың жұртшылықты мұнда салтанатты сапқа тұрған сарбаздар – біреуінің тұла бойы тұңғышы, енді бірінің кенжесі немесе немересі қарсы алған... Қалай айтсақ та, осынау сәттің әрбір жүректі бұлқытып, риясыз қуанышқа бөлегені хақ.

«Түзел! Тік тұр! Назар...» Бұл – басқарма бастығы подполковник Б.Керкембаевтың

жеке құрамға берген бұйрығы. Бұдан әрі әскери ұжымның Жауынгерлік Туын көтерген топ өзінің дәстүрлі орнына тұрысымен, рәсім де басталып кеткен.

«Мен, қатардағы жауынгер...» деп бастап, Қастерлі Ант сөздерін жатқа айтқан 170-тен астам сарбаз толқулы еді. Енді ше?! Ер-азамат үшін бұдан артық қастерлі міндет бар ма?!

Жасырмаймыз, біз – әскери тілшілер жыл сайын көктем мен күз айларында айналып соғып тұратын шараның әрбір нүктесі мен үтіріне дейін жаттап алғанбыз... Дәстүрлі жиын болғандықтан. Соған қарамастан, біз үшін осынау шараның орны бөлек, өйткені ел шебінің нағыз қорған-

дары осы жерде дайындалып, шекараның «күн отырмайтын, түн ұйықтамайтын» өміріне осы жерден жолдама алады. Бөрінен де осынау тарихи сәтті сарбаз ғана емес, оның әке-шеше, ата-әже, туған бауырлары ерекше сезіммен қарсы алып, жүректеріндегі тілектерін де ерекше жеткізуге тырысады. Мәселен осы жолы...

Сонымен, «Күз-2022» шақырылымының сарбаздары Ант қабылдап болған соң жиынның негізгі бөліміне де кезек берілген. Сөйтіп, аталған басқарма бастығы подполковник Б.Керкембаев жас сарбаздарды бүгінгі айтулы мере-келерімен құттықтап, алдағы қызметтеріне сәттілік тілеген соң мінберге көпшілік қауым атынан бірнеше ата-ана шығып ұлдарына арнаған жылы лебіздерін жеткізгенше асығып еді. Алқожаев Шахадин атамыз бөрінен де асып түсті.

– Құрметті қауым, бүгін осы жерде менің немерем Мухамедәлі Шахадин де Отанына адал қызмет етуге ант берді. Тағы бір қуанышым бар, бір немерем өзінің Отан алдындағы азаматтық борышын шекарада өтеп, жақында ғана туған үйіне аман-есен оралды. Енді міне екінші немерем де шекарашы атанды. Атасы үшін мұнан артық қуаныш бар ма?! Осы үшін мен сіздерге ән арнаймын, – деген қос шекарашының атасы дәл бір операның әншісі секілді: «Елім жомарт» деген тамаша әнді нақышына келтіріп тұрып орындады.

Орталық алаңның үстінде қалықтаған ән аяқталысымен, қалың жұртшылық та дүр ете түсіп еді. «Әп, бәрекелді! Атасы, жарайсың!» деген дауыстар әр жерден естіліп қалып жатқан. Ал осынау сәтті фотообъективімізге сыйдырып үлгерген біз



жиын біткен соң қос шекарашының атасын іздеп тауып, сұхбаттасқанша асыққанбыз...

– Өткен жылдың күзінде Шекара қызметіне шығарып салған бірінші немерем Нұрдәулет Алқожа өзінің азаматтық паразын Жамбыл облысындағы шекара бойында өтеп, жақында ғана туғандарымен аман-есен қауышты. Нұрдәулет немерем шекара бұзушыны ұстағаны үшін басшылары марапаттап, осындай ұл тәрбиелегендеріңізге рахмет деп ата-анасына алғыс айтты, – деп ағынан жарылған Шахадин ата екінші немересінің де алғыс арқалар азамат боларына сенім білдірді.

...Әрине, Ант қабылдау секілді рәсімде сарбаздар атынан сөз алған қатардағы жауынгерлер Ахметқали Жәдігер, Никита Воронцовтардың жүректен шыққан жалын сөздері – жүздеген жүректерге жетіп еді. Алда оларды ел шебіне қажет саналатын мамандық түрлерін игеру секілді маңызды қадам күтіп тұр.

**Журналист Т.ДӘУЛЕТБАЕВА,
«OS-ЧР». Автор түсірген суреттерде:
«Салтанатты рәсімнен көрініс».**

ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ПОКОЛЕНИЙ

ШАРА

ВETERАНЫ НА ГРАНИЦЕ

Представители Мангистауского областного филиала РООВ «Застава тарландары» Владимир Колпаков и Коблан Джайлиев посетили пограничные отделения Департамента Пограничной службы КНБ по Мангистауской области.



В ходе встречи с личным составом подразделений границы ветераны рассказали об истории и боевых традициях Пограничной службы, о дружбе и товариществе в воинском коллективе и провели профилактическую беседу по недопущению нарушений воинской дисциплины и суицидальных проявлений.

Владимир Колпаков, беседуя с военнослужащими, поведал о деятельности

Республиканского общественного объединения ветеранов-пограничников «Застава Тарландары» и о своей службе в пограничном ведомстве. От имени ветеранского объединения вручил книги Александра Бека «Волоколамское шоссе», журналы «Шекарашы ардагер», буклеты, посвященные 70-летию генерал-лейтенанта Болата Закиева, и передал пограничникам пожелания и

напутствия от всех ветеранов Пограничной службы.

Коблан Джайлиев поделился опытом с военнослужащими, рассказав о своей срочной службе в чунджинском пограничном отряде в 1985-1987 гг., провел мотивационную беседу направленную на добросовестное несение службы по охране государственной границы и наградил отличившихся военнослужащих грамотами председателя РООВ «Застава тарландары».

Ветераны-пограничники не остаются в стороне, тесно контактируя с подразделениями границы, взаимодействуют и обмениваются опытом работы, помогают командирам в организации воспитательной и идеологической работы.

**Старший лейтенант
А.ЖАНАЛИПОВ,
«OS-ЧР». Фото
полковника запаса
В.КОЛПАКОВА.**

АРДАГЕРЛЕР КӨМЕК КӨРСЕТТІ

Кершінің үйі түгілі жай ғана қора-қопсысы өртене қалса, өшіру үшін қолымыздағы құрал-сайманымызды ала жүгіретін халықпыз ғой. Жаз айларында тілсіз жаудың салдарынан зардап шеккен Қостанай облысының тұрғындарына еліміздің түкпір-түкпірінен қолдан келгенше көмек көрсетіліп жатқанын білеміз. Мұндай көлемді шарадан қостанайлық ардагерлеріміз де шет қалған жоқ.

Бір топ ардагерлер – С.Арыстанов, В.Вишняков, А.Әбілғазин, Қ.Молдағалиев өрттен зардап шеккен Аманқарағай елді мекенінің отбасыларына материалдық жағынан көмек көрсету үшін Әулие-көл ауданына барды. Ауылдық округтің әкімі Б.Исмаиловпен кездесу барысында материалдық көмекке мұқтаж ауыл тұрғындарының тізімін алды. Дүние-мүлктерін өрт шалған ауыл тұрғындарымен сұхбат жүргізу барысында тілсіз жаудан зардап шеккен үй иелерінің аула аумағын қоршауға қажетті жабдықтарға мұқтаж екендігі белгілі болды. Ардагерлердің өзара кеңесінің нәтижесінде қомақты қаражатқа құрылыс материалдарын сатып алып, көмек беру туралы шешім қабылданды.

Қостанайлық шекарашы ардагерлердің жинаған қаражатына алты метрлік мырышталған профиль парақтары мен ағаш бағаналары сатып алынды. Шарбақ тұрғызуға арналған жабдықтар А.Жүсіпбеков, Ф.Оразаков, Е.Ходас, Т.Митровичтердің жанұяларына табысталды.

**Майор М.ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР».
Суреттерді түсірген автор.**



ЖАУЫНГЕРЛІК ТАПСЫРМАДАН ОРАЛДЫ



Осы аптада Ақтөбе-Алматы бағытына ұшқан әскери ұшақ еліміздің оңтүстіктегі астанасына арнайы мақсаттағы ұтқыр іс-қимылдар тобын жеткізді. Республикалық маңызы бар алып шаһардың халықаралық әуежайына табаны тиген ақ қанат алып лайнерді бұл кезде ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің бастығы полковник Әлібек Каюпов бастаған жеке құрам Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасында күтулі еді.



Осыдан бір ай бұрын Батыс Қазақстан облысындағы көші-кон ахуалы мен Ресей Федерациясымен шекарадағы жағдайға байланысты қазақ-ресей шекарасындағы күзет күшейтіліп, қосымша күш ретінде Алматы облысы бойынша департаментінің Қарасай және Райымбек аудандары бойынша шекара басқармаларының арнаулы тапсырмаларды орындаумен айналысатын топтары да тартылған болатын. Ақтөбе облысы бойынша департаментінің алыстағы шекара бөлімшелерінде қызмет атқарған біздің арнайы жасақ ел шебінің бұзылуына жол берген жоқ.

...Әскери ұшақтан түскен біздің сайыпқырандарды бұл кезде алаң шетінде көліктер күтіп

тұрған болатын. Осының алдында ғана бұлттан көрінбей қойған күн де біздің шекарашылардың туған жерлеріне аман-есен оралғандарына қуанғандай жарқ ете қалып еді... Бірақ бұл уақытша көрініс екен. Арнаулы мақсаттағы топтың әскери қызметшілері өздерін күткен көліктерге мініп, қалаға қарай бет алған кезімізде жаңа ғана жарқырап тұрған күннің жүзін түнерген бұлттар жасырып үлгерді.

Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасының қақпасынан енген әскери көліктерден түсіп, сапқа тұрған арнайы топтың жігіттерімен Алматы облысы бойынша департаментінің бастығы полковник Ә.Каюпов амандасқан соң олардың келуіне орай ұй-

ымдастырылған рәсім нан-түз ұсынумен басталған.

Алдымен еліміздің Әнұраны орындалды. Бұдан әрі жеке құрамның алдында сөз алған департамент басшысы:

– Құрметті шекарашылар! Соңғы күндері қалыптасқан жағдайға байланысты Батыс Қазақстан облысы аумағындағы шекаралық бөлімшелер мигранттар тасқынының астында қалып қойғаны белгілі. Сондықтан болашақта болуы мүмкін ықтимал қиындықтардың алдын алу – ең алдымен шекарашылардың міндеті. Бұл – сіздерден қырағылық пен батылдықты, табандылықты талап етеді. Осы міндеттің үдесінен шығып, туған еліміздің шекарасын қорғау ісіне қосқан зор

үлестеріңіз үшін алғыс білдіремін, – деді.

Әрі қарай, департамент басшысының Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасының капитан Нұрболат Мұқаш бастаған арнайы мақсаттағы ұтқыр іс-қимылдар тобының сайыпқырандарын Алғысхатпен марапаттағаны туралы бұйрығы оқылды. Марапатты сардардың өзі салтанатты жағдайда табыс еткен соң ортаға Қазақстан Республикасы Президентінің 14 қазандағы Жарлығымен, «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталған медицина қызметінің капитаны К.Қабылова шақырылды. Аталған офицер бұл марапатты «Қаңтар оқиғасы» кезінде көрсеткен көзсіз ерлігі мен табандылығы үшін

алған болатын.

Бүгінгі күннің батырына гүл шоқтарын ұсынып, шекарашыны мемлекеттік наградасымен құттықтаған соң департамент бастығы полковник Ә.Каюпов жауынгерлік тапсырмадан жаңа ғана оралған сайыпқырандарға бірнеше күндік демалыс жариялады.

Иә, бойларында батырлардың қаны бар, тәртіп пен тыныштықтың қалқанына айнала білген біздің арнайы мақсаттағы жасақтарымызға қандай құрмет көрсетсек те жарасады. Өйткені, олар осындай құрметке ие!

Журналист
Т.ДӘУЛЕТБАЕВА, «ОС-ЧР».
Суреттерді түсірген автор.

ТВОИ ЛЮДИ, ГРАНИЦА

Пограничный тандем: Вячеслав и Силач

Сегодня, трудно представить пограничника без служебной собаки. Ни одна служба не нуждается в четвероногих помощниках так, как пограничная. Стражи границы одни из первых стали применять служебных животных в охране рубежей. Здесь незаменим их нюх, как для задержания контрабандистов и нелегальных мигрантов, так и для поиска наркотиков, оружия и взрывчатых веществ.



Самое важное орудие пограничной собаки – чутье. Специалисты утверждают, что натренированная собака может учуять одну молекулу вещества в литре воздуха и различать около двух с половиной тысяч запахов. Никакие приборы и техника не могут заменить служебных животных, использование которых расширяет возможности пограничных нарядов.

И все же, главным достоянием кинологической службы являются люди, с высокой ответственностью выполняющие свою нелегкую работу и душевной теплотой относящиеся к служебным животным.

Сегодня мы расскажем об одном из молодых специалистов пограничного отделения «Кузеунь», старшем инструкторе служебных собак ефрейторе Вячеславе Худякове, который служит в пограничном ведомстве более двух лет.

Родом Вячеслав из приграничного поселка Карабалык Костанайской области. Окончив Карабалыкский аграрный колледж, призвался на срочную службу, которую прошел в пограничном отделении «Акжон» Пограничного управления по Зайсанскому району. Служил исправно.

Как и полагается. Тяготы армейской жизни закалили молодого парня, сделали его стойким ко всем невзгодам. Юноше так запала в душу военная служба на границе, что он не раздумывая, собрал все необходимые документы и остался на контрактную.

Во время службы в пограничном отделении «Акжон» Вячеслава заинтересовала работа кинолога. Ему нравилось как специалист дрессирует и ухаживает за служебными собаками, и он решил попробовать себя в новом деле. Юноша был уверен, что справится, и интуиция его не подвела.

Командование пошло навстречу желаниям Вячеслава отправив его на курсы обучения специалистов-кинологов в Управление служебной кинологии, где за ним закрепили бельгийскую овчарку по кличке Силач.

Активный и дружелюбный четвероногий питомец быстро пошел на контакт с пограничником. Это был совсем молодой пес, который ничему не был обучен. Первая же пробежка обрадовала Вячеслава. Силач легко шел в гору, дышал ровно,

быстро реагировал на команды, одним словом подавал большие надежды.

С того момента у Вячеслава настали дни, наполненные новыми заботами. По утрам, сделав физическую зарядку, он заходил к Силачу, кормил его и только после этого шел сам завтракать. Вместе пограничник и собака ежедневно тренировались, играли, резвились.

Именно тогда ефрейтор В.Худяков понял, что секрет успеха пограничного тандема не только в ежедневных тренировках, что, безусловно, важно для собаки, но и в трепетном отношении самого кинолога к питомцу. Для Вячеслава пограничный пес Силач стал родным существом, любимцем. Поэтому он никогда не жалеет ни сил, ни времени для него, всегда заботится о его здоровье и комфорте. Собака же отвечает

ему преданностью и покладистостью.

Прошло время, и Силач стал уже буквально по взгляду понимать своего хозяина. Со своим питомцем Вячеслав Худяков начал показывать высокие результаты по розыскной службе, своим примером воодушевляя других курсантов.

Неравнодушное отношение к занятиям, стремление кинолога к получению знаний по специальности, упорный труд и самообразование дали свои положительные плоды. По итогам обучения ефрейтор В.Худяков был признан лучшим инструктором.

Научившись профессионально дрессировать собак и правильно ухаживать за ними, Вячеслав вернулся в пограничное отделение «Кузеунь» вместе с Силачом.

Ефрейтор В.Худяков считает, что главным аспектом хороших достижений в службе инструктора служебных собак, является отношение к своему четвероногому другу. Ведь от обученности питомца, и его навыков, порой, ни много, ни мало зависит неприкосновенность нашей государственной границы. Поэтому миссия служебных собак важна и ответственна.

И хоть в службе не всегда бывали светлые дни, он не жалеет о своем решении стать военным. Работу свою любит, зелеными погонами гордится.

Майор А.КАРМЕНОВА,
«ОС-ЧР»,
Фото лейтенанта Ж.ЖАМАКОВА.

«Инженерный подъем» подорван

Военные инженеры — это творческие люди, с неординарным мышлением и высоким уровнем знаний в точных науках, за что их часто называют интеллигентами.

В Пограничной службе КНБ военные инженеры выполняют особую роль - они решают технические вопросы, которые напрямую влияют на надежность охраны и защиты государственной границы.

Установка, обслуживание и ремонт сигнализационных и радиолокационных комплексов, приборов наблюдения, инженерных сооружений и заграждений, разминирование мин и боеприпасов - это малый спектр задач, выполняемых инженерами-пограничниками.

Помимо этого, инженеры играют одну из ключевых ролей в обеспечении жизнедеятельности личного состава: водопровод, канализаций, электросетей, оборудование дорог и многое др., за что они отвечают, предназначено для комфортного проживания и несения службы пограничниками.

В этой статье мы расскажем об оригинальном техническом решении асов инженерного дела, полковников Каната Муратова и Дидара Нурсагата, которые всегда отличались уникальностью инженерной мысли.

Дорога на участке местности «Инженерный подъем» ведущая к пограничному отделению «Мойылды» Пограничного управления по Курчумскому району всегда считалась опасной из-за крутых подъемов, спусков и торчащих из-под земли горных пород. Наличие скалистых образований заметно сужало дорогу и осложняло передвижение для пограничных нарядов и военной техники, а протекающая внизу спуска река и мост создавали дополнительную угрозу. Неопытный водитель, преодолевая этот участок дороги, мог опрокинуть автотранспорт и упасть в реку, что могло привести к самым печальным последствиям.

К тому же, являясь единственно близлежащей дорогой к пограничному управлению, участок «Инженерный подъем», затруднял передвижение резервов управления, что существенно влияло на боеготовность подразделения.

Проблема состояла в том, что расчистка труднопроходимого участка с помощью инженерной техники не давала положительных результатов. Единственно верным решением было проведение подрывных работ, поэтому инженеры решили расширить участок электрическим способом взрывания.



Поэтому на базе Пограничного управления по Курчумскому району были собраны специалисты-инженеры подразделений Пограничной службы, с которыми проводились практические и теоретические занятия в целях проверки знаний и умений специалистов, имеющих опыт проведения взрывных работ.

Подрывные работы провели в два этапа. На первом было организовано изучение



теоретических основ подрывного дела с принятием зачетов на знание порядка обращения с взрывчатыми веществами, средствами взрывания и мерам безопасности при проведении подрывных работ.

На втором этапе были проведены подрывные работы, в ходе которых специалисты, заложив взрывчатое вещество в скальный грунт произвели серию взрывов. В результате взрывов было высвобождено

более 4 тысяч кубов скальной породы, что существенно расширило проход. В последующем, с помощью бульдозера участок дороги протяженностью 430 метров был расчищен от камней, грунта.

Теперь дорога ведущая в пограничное отделение «Мойылды» широка и просторна, а самое главное безопасна. Специалисты по инженерному делу под руководством заместителя начальника Департамента вооружения ПС КНБ полковника Каната Муратова и начальника управления вооружения Департамента ПС КНБ по ВКО полковника Дидара Нурсагата полностью справились с возложенной на них задачей.

Стоит отметить, что в рамках проведения подрывных работ на участке был произведен демонтаж 300 метров линейной части электро-сигнализационного комплекса. По завершению работ линейная часть ЭСК была смонтирована силами пограничного отделения «Мойылды» с привлечением специалиста МЭП Пограничного управления по Курчумскому району

**Майор А.КАРМЕНОВА,
«ОС-ЧР». Фото автора.**

«МЕН ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ӨЛКЕ»

ҚЫЗЫЛҚҰМНЫҢ ЖАСЫЛ ШҰРАТТАРЫ

Бірақ осы шекара аймағындағы шөлді далада тіршілік атаулысына нәр беріп тұрған артезиандық құдықтар мен бұлақтардың 100-150-ден астам көздері кездесетіндігіне танданасыз. Кей жерлерде артезиан құдықтарының айналасында пайда болған оазистерге де тап боласыз. Жиналған су қоймаларын уақыт өте келе балықтардың да паналағанын жиі естігеніміз бар.

Өздігінен жер бетіне қысыммен ағып жатқан бастаулар жаздың ыстық күндерінде ел шебінде қызмет атқарып жүрген шекарашылардың жан рақатына айналған. Бірнеше күнге созылатын далалық нарядтарда жүрген әскери қызметшілердің шөлдерін қандырып, мауқымдарын басады.

Барсакелместің етегіндегі өлкеде пайда болуы, Кеңес одағы кезінде мал шаруашылығымен айналысқан жергілікті тұрғын-

Қызылорда облысындағы шекаралық аумақтарының барлығы құмды, шөлейтті және тұзды алқаптардан тұрады. Өңірдің климаты өте қатаң, жазы ыстық, қысы суық. Қызылқұм шөлдерінде тек қана қалың құмға төзімді сексеуіл мен жыңғыл секілді ағаштар өседі.



дарға арнайы, жер асты су қорын зерттеу жұмыстарының жүргізілуі арқасында пайда болған

деседі. Су көздері таза, мөлдір әрі тұщы. Десек те, экологиялық аумақта орналасуына байланыс-



ты әр бұлақтың құрамы мен дәмінде, температураларында өзіндік ерекшеліктері бар.

Мысалға, ағып тұрған су жыл он екі ай жылы немесе керісінше мұздай суық, ащы немесе тұщы. Біреуінің құрамында темір, екіншісінде йодтың құрамы кездеседі. Сондықтан фильтрлік өңдеусіз тікелей ішуге жарамсыз және денсаулыққа зиянын келтіруі мүмкін. Дегенмен, бұл жер асты суларының кейбіреулері

шипалы емдік қасиеттерге ие, көптеген ауруларды, соның ішінде аллергияны да емдей алады.

Шөлді алқапта адасып кетсең мұндай ғажап су қоймаларын табу өте оңай. Көбіне айналасы қалың өсіп тұрған қамыстардың ортасында көптеп шоғырланған «Оазис» іспеттес жасыл алқаптардан табасың. Осындай «Жасыл шұраттарды» шекара қызметінің әскери қызметшілері аумақта бағыт – бағдар ретінде қолданған кездері де аз емес.

Ең маңыздысы, шекара бөлімшелері аталмыш бұлақтардың басында орналасқан. Осының арқасында жеке құрам таза ауыз сумен толықтай қамтылып, шөлде судан таршылық көрмей су тапшылығы мәселелері толықтай шешімін тапқан.

**Капитан Т.СЕРІКҚАЛИЕВ,
«ОС-ЧР». Суреттерді түсірген автор.**



Полковник Д.Бакай:

«ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА ҰМТЫЛУ – БІЗДІҢ БАСТЫ МІНДЕТ!»

Инженерлер үшін ағымдағы жыл да маңызды оқиғаларға толы болды. Әсіресе, біз мұны ҚР ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің ел шебіндегі инженерлік қамтамасыз ету жұмыстарына қарап, сеніммен айта аламыз. Бұл туралы аталған департаменттің Қару-жарақ басқармасы бастығының орынбасары полковник Дмитрий Бакай бізге берген сұхбатында былай дейді:

– Мемлекеттік шекараны инженерлік қамтамасыз ету бойынша ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің бастығы бекіткен жоспар толығымен орындалды. Атап айтар болсақ, ағымдағы жылдың жоспарына сәйкес, екі шараны іске асырды. Оның бірі, Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Қастек» шекара бөлімшесінің аумағына қоршау жүргізу. Екінші міндет: аталған шекара басқармасының «Қаскелен» шекара бөлімшесінде тікұшаққа арналған алаң салу болатын. Бұл шарада толығымен жүзеге асырылып, пайдалануға берілді.

– Полковник мырза, әсіресе инженер-саперлерге айтылған мынадай тәмсіл бар ғой: «Сапердің қателесуге қақысы жоқ» деген. Түсіне білгенге мағынасы терең. Сол айтпақшы, көктем шыға салысымен, жүктерін артып, шекараға аттанатын шекарашы инженерлерге өз жұмыстарына салғырт қарауға болмайды...

– Дұрыс айтасыз, өйткені, олардың атқарған жұмыстары мемлекеттік шекараны сенімді күзетудің басты тіректерінің бірі болып табылады. Соған сәйкес, негізгі күш шекарашы инженерлерге артылған. Орайы келгенде айтуым керек, инженерлер жаңашылдыққа жақын. Қазіргі заман да осыны талап етеді. Сондықтан, шекара басқармаларынан қыл аяғы ұшқышсыз басқарылатын ұшу аппараттарын (дрон-авт.) көрсеніз, таңғалудың қажеті жоқ. Сосын алыстағы шекара бөлімшелерінде де біздің өнертапқыштар аз емес. Олардың ел шебін күзету ісіне қосқан үлестері қомақты екенін мен ерекше атап өткім келеді.

Ал енді жоспардан тыс атқарылған жұмыстарға тоқталар болсам, Алматы облысы бойынша департаментінің инженерлік бөлімшелері биылғы жылдың өзінде ондаған шақырымға созылған қоршаулы және бөгетті шарбақтар орнатып, ор қазды. Дәйекпен сөйлер болсақ, Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасының «Алмаарасан» шекара бөлімшесінің учаскесінде жалпы ұзындығы 650 метрді құрайтын қоршау жұмыстары аяқталды. Мұндай инженерлік жұмыстар аталған шекара басқармасының «Қастек», «Жамбыл» шекара бөлімшелерінде де жүргізілді. Сондай-ақ, «Жамбыл» шекара бөлімшесінің тылдағы шекаралық бақылау мұнарасы мемлекеттік шекараға жақын жерге жеткізіліп, орнатылды.

– Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасының қазақ-қырғыз шекарасын күзетіп келе жатқандарына он жылдан енді асқанын білеміз. Сосын да бұл аумақтың толық

жабылуы үшін алдағы уақытта инженерлеріміздің көп тер төгулеріне тура келеді...

– Иә, Қырғыз Республикасымен арадағы шекараның бойына инженерлік сым жүргізіп, бақылау-із кесу жолақтарын салу жұмыстары іске асырылып келеді. Алдағы уақытта да бұл міндет өз жалғасын таба береді. Оның үстіне бұл аумақ – шекарашылардың қырағы күзетінде болғандықтан, шекарадан шыбын да өте алмайды деп сеніммен айта аламын. Шекаралық жылыту постары салынып, тау ішінде қызмет атқаратын шекара нарядтары мен барлау-із кесу топтарына мүлтіксіз қызмет көрсетіп тұр. Жалпы, шекара күзеті деген ұғым инженерлердің кешенді шараларымен ерекшеленеді.

– Дмитрий Юрьевич, ал енді көнеден келе жатқан ұжымдардың бірінен саналатын Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасында жасалған жұмыстарға тоқталсаңыз.



– Аталған шекара басқармасының «Қостөбе» және «Нарынқол» шекара бөлімшелерінің түйіскен жерлеріне дейінгі 2 шақырымдық аумаққа тікенекті сым тартылды. «Өртенсай», «Қарқара», ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы шекара бөлімшелерінің учаскелеріндегі көпірлерге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ инженерлер «Қостөбе», «Сүмбе», Кеңес Одағының Батыры генерал-лейтенант М.Меркулов атындағы шекара бөлімшелерінің электронды-дабыл кешендеріне жөндеу және қызмет көрсетті.

Бұдан өзге, инженерлік айлық кезінде шекара бөлімшелеріндегі шекаралық белгілер, шекаралық бақылау мұнаралары, тікұшақ алаңдары және тікелей қорғаныстар, жасырын бақылау және жылыту пунктері де назардан тыс қалған жоқ.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан журналист Т.ДӘУЛЕТБАЕВА, «ОС-ЧР». Суреттерді түсірген автор.

ЕҢБЕКТЕН – ЗЕЙНЕТКЕ

ШЕКАРА ҚАДІРЛІЛЕРІНІҢ ҚАТАРЫНДА

Шекара қызметінің аға буын ардагерлері салған сара жол туралы қалам тербеу – біз үшін бір ғанибет екені шындық. Себебі, «шекарашы» мамандығы ерлік істерге тұнып тұр. Демек, уақыты келіп, зейнетке шыққан шекарашы ардагердің артына қалдырған жылдары ұрпағы үшін ұлағатты істерге толы...



Ағымдағы жылдың тамызында Алматы облысы бойынша департаментінің полковник В.Гануш бастаған материалдық қамтамасыз ету басқармасының ұжымы әскери зейнет жасына жеткен подполковник Марат Баратовты демалысқа шығарып салды. Владимир Владимирович ардагер атанған шекарашының ел шебі үшін жасаған жұмыстарына алғыс айтты. Өйткені, әріптестерінің ыстық ықыластары мен құрметіне бөленген сардардың саналы ғұмырын ел шебімен тығыз байланысты.

...90-шы жылдары ел шебінде қызмет атқарғандар шекараны күзету – қаншалықты ауыр болғанын біледі. Тіпті, заставаларды қоспағанда шекара отрядының өзінде түнгі он бірден бастап, электр жарығы өшірілетін... Үнемдеу үшін. Мен мұны өзімнің Мақаншы шекара отрядына барған журналистік іссапарларымнан жақсы білемін. Ал заставалар ше?.. Өзінің Отан алдындағы азаматтық борышын сол жылдары өтеген сарбаз да мұны қолдай кетер еді. Өйткені, дәл осы жағдайды ол өз басынан кешірген болатын...

– 1997 жылдың күзінде шекарашылар сапына алынып, азаматтық борышымды сол кездегі Шонжы шекара отрядының «Өртенсай» шекара заставасында өтедім. Ол кездері сарбаздардың әскер қатарындағы мерзімді қызметтері екі жыл болатын. Алайда менің білімім жоғары болғандықтан, маған берілген мүмкіндік бойынша бір жылдан кейін әскерден босап, үйіме оралдым. Тек, сол сәт мен өзімнің араға бес жыл салып, шекараға қайта оралатынымды білген жоқпын, – дейді шекарашы ардагерлердің сапын жаңадан толықтырып, запастағы подполковник атанып үлгерген сұхбаттасымыз. Осылайша, мен бір кездері ізім түскен ел шебімен қайта қауыштым.

...Өзінің алғашқы офицерлік қызметін Мақаншы шекара отрядының жөндеу ротасы командирінің техника жөніндегі орынбасары болып бастаған лейтенант М.Баратовқа уақыт өте келе өзінің туған ұжымын басқару жүктеледі. Мұнан кейін материалды қамтамасыз ету ротасының командирі болып тағайындалған офицер 2010 жылы Жаркент шекара отрядының тыл қызметіне ауыстырылады. Төрт жылдан кейін енді ҰҚК Шекара қызметінің Тыл бас басқармасында қызмет атқаруға кіріскен офицердің осыған дейін жинаған терең тәжірибесі ел шебіне қажет болады.

Осылайша, алдымен Күршім шекара отрядына жіберілген офицер мұнда тыл бастығының орынбасары секілді жауапты лауазымды атқаруға кіріседі. Бұл – қашан Шонжы шекара отряды бастығының тыл жұмыстары жөніндегі орынбасары болып ауысқанға дейін жалғасады.

– Тыл қызметінің офицері болудың қаншалықты маңызға ие екенін, осы салада қызмет атқаратындар өз басынан өте жақсы біледі, – дейді запастағы подполковник М.Баратов. Дегенмен, бұл да бір ғылым. Айталық, сіз кітап жаздыңыз. Оның оқырмандар үшін оқылымды болғанын қалайсыз. Бұл үшін кітапқа өзіңіздің барлық күш-жігеріңізді, алтын уақытыңызды, бойыңыздағы жазушылық қасиетіңізді сарп етесіз... Тыл қызметкерлері де сол. Олар да бұл салаға кездейсоқ келе салмайды. Тылдың жұмысын шаруаға ебі бар, есеп-қисапқа жүйріктер ғана алып жүре алуы мүмкін. Мен мұны өзімнің ел шебінде өткізген жылдарыма қарап білемін... Шынымды айтсам, маған өзімнің мамандығым қатты ұнайтын. Тіпті қалай айтсам екен, уақыт өте келе мен өзімді басқа мамандықтың иесі ретінде сезіне алмайтынмын...

Енді менің жолымды ұлым Бахтияр жалғастыруға ниетті. Ол қазір Ресейдің Санкт-Петербург қаласындағы болашақ тыл офицерлерін даярлайтын әскери білім ошақтарының бірінде білім алып жүр.

«Тау баласы тауға қарап өседі» демекші, ағымдағы жылдың тамызында еңбектен – зейнетке Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасы тыл қызметінің бастығы лауазымынан шыққан сардардың ісін жалғастыратын ізбасары бар. Бұл қуантады.

Ендеше, азаматтық өмірге жасаған қадамыңыз құтты болсын!

Журналист Т.ДӘУЛЕТБАЕВА,
«ОС-ЧР».

ТАКТИКА ВЫЖИВАНИЯ

пограничника в природных условиях

Статья двадцать четвёртая: «Рыбалка и рыболовные снасти».

(Продолжение. Начало в предыдущем номере.)

Зимняя рыбалка в экстренных ситуациях. Зимняя рыбалка ставит на порядок больше проблем перед рыболовом, чем летняя. Начинать всякую зимнюю рыбалку приходится со сверления лунок. При отсутствии специальных ледобуров и ледорубов задача эта почти не разрешима. Ковырять монолитный лед ножами или случайно оказавшимися под рукой пилками для ногтей, равно как пытаться растапливать с помощью раскаленных на огне камней или собственного тела, — занятие безнадежное. Есть только два способа для попавших экстренную ситуацию пограничникам добраться до чистой воды.

Один — найти естественного происхождения промоину. На осенне-весеннем льду сквозные промоины могут встретиться в местах слияния двух водных потоков, перед и за препятствиями, на перегибах русла и там, где со дна бьют ключи. Последнее наиболее вероятно. Открытую воду можно обнаружить по парению над поверхностью снега.

Другой способ — соорудить искусственную промоину с помощью протаивания. Для этого на льду надо разложить и в течение долгого времени поддерживать сильный костер. Мощный, сложенный из толстых бревен «таежный» костер будет сам подтапливать лед и испарять воду. Когда лед станет достаточно тонким, его можно будет расковырять любым подручным инструментом.

В зимний период времени рыба обычно держится в глубоководной части водоема.

Полученную лунку-промоину необходимо оберегать от замерзания, укрывая толстой подушкой из веток и лапника и периодически разбивая тонкую корку льда.

Если пограничнику повезет и в, подледной воде будет недостаточно кислорода, то рыба сама подплывет к лунке, и ее можно будет бить острогой, ловить силками или просто черпать руками. В неограниченных количествах.

При достатке кислорода рыбу придется ловить.

Отсюда второй проблемой пограничника зимой становится поиск наживки. Проще всего попытаться изготовить самодельную наживку. Но если клева не будет, придется искать естественную. Найти переживающих зиму насекомых можно под корой дерева, в трухлявых стволах. Вот только оторвать кору и расколоть древесину зимой на порядок труднее, чем летом. Различные личинки встречаются в утолщениях на стеблях травянистых растений. Например, личинку репейной бабочки можно извлечь из середины стебля или шишки репейника. Найти ее можно по специфической трещине или изгибу, похожему на перелом. Не пусты зимующие стебли татарника, полыни и некоторых других травянистых растений.

Еще лучше попробовать разжиться водными насекомыми. Если в месте, где протоплена лунка, река не глубока, надо с помощью импровизированного сачка зачерпнуть со дна ил и высеять из него всю возможную живность. Или подцепить и осмотреть водоросли. Или собрать мормыш — небольшого желтовато-зеленого рачка-бокоплава. Летом он прячется под камнями, корягами, листьями водных растений. Зимой, из-за недостатка кислорода в воде, поднимается ко льду и нередко усеивает всю его нижнюю сторону. Добывать его можно импровизированными изогнутыми скребками, соединенными с ящичком или мешками. Скребок, протаскиваемый по льду, сгребает рачков в емкость. Небольшое количество мормыша можно добыть, опустив под лед пучок соломы

или несколько еловых лап. Рачки находят в них укрытие и вместе с ними поднимаются вверх рыболовом.

Искусственного мотыля можно изготовить из красного воздушного шарика, нарезав его на мелкие полоски и насадив эти полоски по две-три на крючок.

В большие промоины можно пытаться устанавливать верши. Сплести их надо из веток, предварительно хорошо разогретых над костром. Замерзшие ветки будут просто-напросто ломаться.

Простейшая самодельная зимняя снасть, предназначенная для ловли крупной рыбы, представляет из себя жердь, уложенную на края лунки с прибитой к ней поперечной планкой.

К нижнему концу планки-сторожка, опущенному в воду, привязывается леска с крючком и наживкой, к верхней — сигнальный флажок. Клюнувшая рыба дергает за леску и приподнимает дальний конец планки с флажком, что сигнализирует о поклевке (рис. 1).

Более мелких рыб можно ловить на различные модификации самоделок, кружков и т.п. снасть.

Сети зимой устанавливаются поперек течения реки в большой полынь или расправляются через несколько малых лунок, как показано на рис. 2.

Рыбалка в море. Рыбалка на удочку и прочую простейшую рыболовную снасть подобна, что в море, что в озере. И там и там нужно отыскать наиболее удобные для рыбалки места и подобрать соответствующую наживку, а зимой пробить в броне льда лунку. В отличие от пресноводных рыб, морские меньше боятся рыболовной снасти, и поэтому она может быть грубее, чем в пресноводном варианте. Крючки желательнее использовать от номера 6 и выше, леску — не тоньше 0,2 мм. В море некоторые дополнительные сложности доставляют мешающий рыбалке прибой и очень незначительные глубины на песчаных пляжах. Поэтому морскую рыбалку надо начинать с поиска далеко выступающих в воду мысов, каменных гряд или мест, где глубины начинаются сразу от берега.

Категорически недопустимо ради получения более выигрышной для рыбалки позиции уходить далеко от берега по низким мысам, каменным россыпям, перебираться на отдельно стоящие острова! Начавшийся прилив может отрезать вас от суши, а прибойные волны — сбить в море!

Решаться на подобные авантюры допустимо только в самом крайнем случае, предварительно точно установив нижнюю и верхнюю границу прилива. Но и тогда, находясь на удаленном от берега мысу, расслабляться нельзя! Величина и скорость прилива могут меняться в зависимости от силы и направления ветра. При любом изменении ветра, особенно если он задувает с моря, надо немедленно покинуть опасный участок!

Нельзя рыбачить с деревянных и прочих уходящих в воду завалов и плавучих мусорных куч, когда море не спокойно. Иногда бывает достаточно удара одной волны, чтобы монолитное на вид сооружение рассыпалось под вашими ногами, как карточный домик. Недопустимо рыбачить со спущенных на воду импровизированных плотов и лодок, какой бы улов это ни обещало! Любое плавучее средство очень быстро может унести в открытое море или разбить о прибрежные камни. А прибой — это самая опасная с точки зрения выживания зона моря! Абсолютное безветрие и зеркальная водная поверхность не должны успокаивать рыболова! Море — не река, и даже не озеро. У моря гораздо более сложный гидрологический режим и гораздо более опасный характер. Мы много раз наблюдали такие стихийные явления, как бора, сулой и пр., во время которых шторм мгновенно превращался в кипящий котел шторма!

С другой стороны, тот же самый прилив, способный поставить невнимательного пограничника-рыболова на

грань гибели, может сильно облегчить его промысел. Надо только знать, как использовать колебания уровня моря в своих целях.

Например, вместо простой поплавной удочки применять приливную.

Приливная удочка представляет из себя смесь двух видов снасти — донки и самоудра. К прочной леске через 10-30 см подвязываются поводки с крючками, на которые насаживается различная наживка. Чем больше будет крючков, тем выше вероятность улова. Во время отлива удочка заносится далеко в море, прикрепляется к надежно вбитому в дно колу или тяжелому камню. Другой ее конец привязывается к другому колу. Пришедшая с приливом вода затопливает снасть. Через 12 ч удочку можно будет проверить и снять с крючков улов.

Чтобы иметь возможность проверять приливную удочку чаще, чем раз в полсуток, можно усложнить ее конструкцию. Для этого на нижней границе отлива необходимо вколотить в грунт кол и привязать к нему импровизированный блок, например, сделанный из пустой консервной банки. В кольцо блока заправить основную леску, к которой привязать поводки с крючками. Противоположный конец лески пропустить через блок, закрепленный на берегу, и, сильно вытянув их навстречу друг другу, связать. В результате получится замкнутая в кольцо леска, которую можно

по блокам перетягивать туда-сюда, вроде флага на флажтоках. Надо только помнить, что длина лески на берегу должна быть равна длине лески, уходящей в море, чтобы было место для осмотра вытягиваемых крючков (рис. 3).

Существует еще один, заимствованный у охотников, способ добычи морской рыбы — ловля с помощью петель. Для изготовления снасти к большой сухой жердине с двух концов привязываются камни-грузила, которые должны будут удерживать ее на воде в требуемом положении (снастью вниз). С той же стороны, где располагаются грузила, к жерди привязываются одна или несколько петель-удавок, сделанных из лески, тонкой проволоки, конского волоса или другого малозаметного материала.

Несколько таких жердин бросается в море. Рыбы, питающиеся у поверхности воды, как правило, укрываются под мусором, плавающим на поверхности воды. Таким способом они защищаются от морских птиц и больших рыб, поднимающихся с глубины. Укрывшись под палками, они, рано или поздно, попадут плавником либо хвостом в петлю и, попытавшись вырваться, затянут ее. Постепенно рыба ослабнет, и волны вынесут ее на берег вместе с ловушкой. Обычно это происходит через 3-4 ч после начала ловли. При охоте на крупную рыбу жерди можно привязать к берегу с помощью лески или веревки (рис. 4).

Камбалу и некоторых других рыб можно довольно успешно добывать на мелководье и в устьях рек с помощью острог и трезубцев.

(Продолжение в следующем номере.)

Подготовил полковник Е. КОСТЕНКО.




Рис. 1




Рис. 2




Рис. 3




Рис. 4

ТАРТЫСТЫ ДОДА



Үстіміздегі жылдың 21-22 қазаны аралығында Қызылорда облысы Полиция департаментінің ұйымдастыруымен «Динамо» спорт кешенінде құқық қорғау органдары және күштік құрылымдар қызметкерлері арасында 25 қазан – Қазақстан Республикасы күніне орай және ерлікпен қаза тапқан полиция аға лейтенанты Талғат Қозыбаевты еске алуға арналған дәстүрлі шағын футболдан турнир өтті.

Турнирдің ашылу салтанатына Қызылорда облысы Полиция департаментінің басшылығы, Талғат Қозыбаевтың әкесі мен жақын туыстары, ішкі істер органдарының ардагерлері мен департамент жеке құрамы қатысты.

Облыстық полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары полиция полковнигі Амитов Шамшидин, «25 қазан Республика күні – Еліміздің әр азаматы үшін бұл өте маңызды күн. Өздеріңіз білетіндей, Полиция департаменті үнемі тарихи күндерге орай және қаза тапқан әріптестерімізді, ардагерлерімізді еске алу үшін спорттық сайыстар ұйымдастырып отырады. Мұндай жарыстар қызметкерлер арасында спортты дамыту, даңқты дәстүрлерді нығайту, ойыншылар арасында құрметті қарым-қатынас орнату үшін маңызды. Жарыс жоғары деңгейде өтіп, командаларға лайықты жеңістер, барлық қатысушыларға спорттық мерекеден ұмытылмас әсер қалдыруын тілеймін. Ал өзіміздің әріптесіміз – қызмет бабында қайтыс болған, еліміздің қаһарманы, II-ші дәрежелі «Айбын» орденінің иегері полиция лейтенанты Қозыбаев Талғатты тәрбиелеген Есентай ағаға шексіз алғысымды білдіремін» деген сөздерінен кейін турнир ашық деп жарияланды.

Ойын басталмастан бұрын командалар сапқа тұрғызылып, жеребе тарту рәсімін бастады. Ойынның міндеттері мен шарттарын анықтайтын мандаттық комиссия құрылды.

Турнирге ҚР ҰҰ 5547 әскери бөлімі, 66597 әскери бөлімі, облыстық сот, облыстық прокуратура, ҚР ҰҚК Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаменті, ҚР ҰҚК ШҚ Қызылорда облысы бойынша департаменті, ҚР Сыбайлас

жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті, Қылмыстық-атқару жүйесі, Төтенше жағдайлар, Экономикалық тергеу департаменті, Мемлекеттік күзет қызметі басқармасы және полиция қызметкерлерінен құралған 11 команда, 110-ға жуық спортшылар өз шеберліктерін жасыл алаңда көрсетті.

Жарыстың қорытындысы бойынша Шекара қызметі департаментінің жеке құрамы үздіктер қатарынан көрініп, Номинациялар бойынша: «Үздік ойыншы» - Ғасырбек Ардақ Қазалы АПБ қызметкері, «Үздік шабуылшы» Ермаханов Қуандық Қармақшы АПБ қызметкері, «Үздік қақпашы» Кенжебаев Сәкен Жанақорған АПБ, «Үздік қорғаушы» Әбдіғаппаров Әли Қалалық Полиция басқармасының қызметкері анықталды.

Жарыс соңындағы марапаттау рәсімінде жеңімпаз командаларға арнайы дайындалған кубоктарды табыстаумен бірге әр шептегі үздік ойыншылардың есімдері де анықталды. «Үздік ойыншы» Тлеп Ақжігіт Қызылорда облысы Полиция департаментінің қызметкері, «Үздік шабуылшы» Абдуайтов Жансерік ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қызылорда облысы бойынша департаментінің қызметкері, «Үздік қақпашы» Мырзаш Жасұлан ҚР ҰҚК ШҚ Қызылорда облысы бойынша департаментінің қызметкері, «Үздік қорғаушы» Құлымбетов Нурбек ҚР ҰҰ 5547 әскери бөлімінің қызметкері.

Капитан Т.СЕРІКҚАЛИЕВ, «OS-ЧР». Суретті түсірген автор.

ЕРЛІКПЕН ЕСКЕ АЛҒАН ЕСІМ

Ағымдағы жылдың 23 қазан күні ҰҚК Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен ҚР ҰҚК Шекара қызметінің полковнигі Арман Жұмахметовты еске алу құрметіне арналған ардагерлер арасында шағын футболдан турнир өтті.

Турнирдің ашылу салтанатында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны шырқалды. Сонан соң сөз алған ҰҚК Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаменті бастығының орынбасары полковник С.Амиров: «ҰҚК Шекара қызметіндегі қызмет жолын ерлік даңғылымен ұштастырған полковник Арман Жұмахметов Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шілікті ауылының тумасы. Мемлекеттің мызғымас беріктігін қамтамасыз ететін қуатты құрылымда полковник Арман Орақұлының жарқын ізі мәңгі өшпек емес. Саналы ғұмырында бірқатар қызметтік баспалдақтарды абыроймен атқарып, тыныштық пен тұтастық жолында өлшеусіз үлес қосты. Теңдессіз Тәуелсіздік жылдарымен тұспа-тұс келетін жылдары Шекара қызметінің аяғынан нық тұруына қауқарлы қызмет етті. Еліміздің қай өңірінде қызмет атқарса да, әскери-

лер арасында өзара ынтымақтастықты қалыптастырып, жеке құрам алдында ерек құрметке ие болды. Нар тұлғалы айбынды азаматтың кескін келбеті мәңгі жадымызда жаңғыра бермек. Бүгінгі сайысқа қатысушыларға сәттілік серік болсын деп тілек білдіремін. Осынау мазмұнды шарада аяқдоп шеберлеріне жеребе жолдас болып, тартысқа толы турнир болады деп сенемін», – деді.

Аталмыш жарысқа 6 команда қатысты. Атап айтқанда: «Ақтөбе-60», «Ақтөбе застава тарландары», «Қостанай застава тарландары», «Ақтөбе-50», «Спартак», «Ардагер» командалары өзара мықтыны анықтады. Турнир көркін қыздырған ардагер шекарашылардан жасақталған құрамалар көнігі кәсіби аяқдопшылардан кем түспей, жеңіс кубогін сарапқа салды. Шаршы алаңда шыңдалған қай топ болмасын көрермен көзайымына айналып үл-

герді. Мұны облыс орталығындағы спорт кешеніне жиналған жанкүйерлердің ерекше қолдауынан айқын аңғаруға болады.

Жарыс қорытындысы бойынша командалық жүйелі ойын үлгісін көрсетіп, «Қостанай застава тарландары» командасы бірінші орынды еншіледі. Екінші орынды «Ақтөбе-60» командасы қанжығасына байласа, үшінші орынды «Ақтөбе застава тарландары» командасы қанағат тұтты.

Жеңіс тұғырынан төбе көрсеткен жүлдегерлер арасынан арнайы номинациялар бойынша үздік ойыншылар анықталып, жеңімпаздар бағалы сыйлықтар мен арнайы кубокпен марапатталды.

Аға лейтенант Б.ҚОЖАНТАЙ, «OS-ЧР». Суреттерді түсірген автор.

МАРАФОН

МАРАФОН СОСТОИТСЯ В ЛЮБУЮ ПОГОДУ

25 октября т. г. военнослужащие Департамента Пограничной службы КНБ РК по Мангистауской области приняли участие в марафоне «Aktau marathon-2022», посвященном Дню Республики и 85-летию юбилею прославленного шестикратного чемпиона СССР по легкой атлетике Амина Туякова, побившего олимпийский рекорд в 60-х годах прошлого века.



Марафон прошел среди мужчин и женщин старше 16 лет. По условиям соревнования любители приняли участие в забеге на дистанцию в 10 километров, а профессионалы на 21 километр. В марафоне приняло участие более 1200 человек из всех регионов Казахстана, а также из Турции, России, Азербайджана, США и Китая.

- Я всегда участвую в марафонах, легкая атлетика мое хобби. Но сегодня особенный день, потому что забег проходит в День Республики -национального праздника страны. Считаю, что такие спортивные мероприятия имеют большое значение для поддержания здорового образа жизни и подают хороший пример подрастающему поколению. Поздравляю всех казахстанцев с праздником и выражаю большую благодарность организаторам марафона, - поделился участник соревнований майор Алтынбек Жумағалиев.

Стоит отметить, что спортивное мероприятие проходило при сложных погодных условиях в виде дождя и ветра, которые не стали препятствием для тех, кто решил принять участие в марафоне. Преодолев расстояние в 10 и 21 километров, победители марафона, занявшие призовые места были поощрены денежной премией на суммы 200 тысяч, 100 тысяч и 50 тысяч тенге соответственно. Остальным участникам марафона были вручены памятные медали.

Старший лейтенант А.ЖАНАЛИПОВ, «OS-ЧР». Фото автора.

OTAN SAQSHYSY

Часовой Родины

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті
Меншік иесі:
Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі
Редакцияның мекенжайы:
Нұр-Сұлтан қаласы, Лепсі көшесі, 63 үй.
Телефондар: Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38
Жауапты хатшы: 8 (7172) 72 81 57
Бөлімдер: 8 (7172) 72 81 56
E-mail: os-shekara@yandex.kz
ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты:
gov.kz/memleket/entities/shekaraknb

Бас редактор: Радик Кагенов
Редактор: Рауан Қабдолданов
Жауапты хатшы: Еркін Қайбуллин
Тілшілер: Азамат Мұқанов, Бахтияр Сулейменов, Жанар Кемел, Бауыржан Қиянбеков, Аян Қайыр, Ахат Анеуханов
Меншікті тілшілер:
Алматы - Тамара Дәулетбаева
Атырау - Өмірбат Айтәлі
Ақтау - Асхат Жанашипов
Ақтөбе - Бауыржан Қожантай
Павлодар - Анар Бағдатова
Өскемен - Анар Карменова

Қостанай - Манарбек Қарекенов
Шымкент - Рауан Нұрмет
Орал - Азат Құрмаш
Қызылорда - Темірлан Серікқалиев
Петропавл - Санат Әзімханов

Фототілші: Асхат Сәбиев
Компьютерлік безендіру және беттеуші:
Айдос Қырғызбаев
Корректорлар: Роллан Абдрайымов, Әсел Мұртбаева
Немірдің кезекші редакторлары:
капитан Б.Қиянбеков, аға лейтенант А.Қайыр

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы даталар мен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді. Газетті есепке қою туралы № 1394-г күздікті 2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі берген. Газет "OS-ЧР" Әскери-патриоттық қызмет басқармасында теріліп, беттелді.

ӘСКЕРИ
ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ

ПОЭЗИЯ



АБЫЗЫ

Қазақ әскери журналистикасының тарихы тым тереңнен сыр шертеді. Тәуелсіздік елге енші болып, жоғалтқанымызды қайта түгендеуге мүмкіндік берді. Отанымыздың әскери журналистикасының сала ретінде қалыптасқан шағы 1992 жылдың 7-ші мамырындағы «Қазақстан Республикасының Қарулы күштерін құру туралы Заңы» қабылданған уақытпен тұспа-тұс келеді. Сол сәттен бастан ұлттық болмыстың исі аңқитын әскери журналистиканың негізі қаланды.

Дей тұрғанмен майдан даласында әскери журналистиканың шыңына шыққан шығармашылық иелері жетерлік. Сұм соғыстың ауыр сын сағаттарында қаламы көпке қуат берген олар ұрыс даласында ерен ерлікке шақырды. Майдан хаттарын жазып, Отан үшін кеудесін оққа тосқан оғандардың шынайы бейнесін көркем әдебиетке кейіпкер етті. Солардың бірі Баубек Бұлқышев.

Ардың ісі саналатын әдебиетте жарық жұлдыздай жарқ етіп, ерте сөнген Баубек Бұлқышевтың өмірі, шығармашылық тағдыры ойлы оқырманға өте қызық. Нағыз кеңес жасының өмірін елестететін батыр болмысы журналистік мүмкіндігі мол даралығымен, табиғатынан терең таңғажайып талантымен ерекшеленеді.

Ол 1916 жылы Қарағанды облысы Ұлытау өңірінде, қазіргі «Амангелді» кеңшарында дүниеге келген. Балалық шақты бекетіндегі Баубек әке-шешеден айырылып, жетімдіктің кермек дәмін ерте татады. Тағдыр шындап, жастайынан өжет боп өсті. Ағасы Сейтжанның демеуімен 1932 жылы Қарсақбай заводындағы фабрика завод училищесіне келіп оқуға түседі. Оқуды үздік тәмамдаған соң Баубек 1933-1934 жылдары «Ұлытау» совхозында түрлі деңгейдегі бірқатар қызметтерде болды. Сол уақыттан бастап ол көркем әдеби шығармаларды құмарта оқи бастайды.

1940 жылы Баубек өзі сұранып әскер қатарына алынды. Ол Балтық жағалауындағы елдерді жау қолынан азат етуге қатынасты. Осыдан соң Баубектің майдан даласындағы жауынгерлік өмірі басталды. Алғашқы қадамынан бастап озық ойлы сарбаз, батыр жауынгер атанды. Бұл турасында «Біз көрлі кезеңнің, соғысты заманның жандарымыз. Біз соғыста туғанбыз, соғыста өлеміз де... Осының бәрі сендер үшін, кейінгі ұрпақ!» деп жазды ол «Өмір мен өлім туралы» очеркінде.

Ұлы Отан соғысы жылдарында оқырманға жол тартқан басылымдар сол дәуірдің кескін келбетін айқындап, зұлмат мезетке тиесілі құнды деректерді кеңінен хабардар етуді мақсат тұтты. Майдандық журналистиканың жаршысы атанып

жүріп қаламгер ұлттық деңгейдегі өзекті тақырыптарға қалам тербеуге ұмтылды. Ақиқат пен шындықтың туын тігіп, ерліктің шырағын жақты. Баубек Бұлқышев публицистикалық шығармаларын хат жанрында, алыстағы ауылмен тілдесу түрінде жазып қалдырды. Публицистиканың асқаралы шыңын бағындырған кезген соғыс жылдарымен біте қайнасқан. Әдебиетке үлкен ізденіспен келген қаламгер жауынгер болып сап түзеген шағында-ақ жарқ етіп көзге түсті. Орыс жазушылары И.Эренбург, Б.Горбатов, К.Федин, А.Фадеев, Н.Тихонов, К.Симоновтардың соқпағымен әскери публицистикаға құлаш сермеді. «Өмір мен өлім», «Мен өмір сүргім келеді», «Шығыс ұлына хат», «Заман біздікі», «Тыңда, Кавказ», «Жауыздық пен махаббат» сынды публицистикалық шығармалары алдыңғы шептегі майдан жауынгерлерінің патриоттық сезімдерін оятып, ерен ерлікке үндеді.

Баубек публицистиканың құнары мен дәнегі күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді өткірлікпен қаузап, ой таразысының елегінен өткізіп, сезім мен шындық арасын алшақтатпай таза қалпында оқырманға ұсынуында.

*Қаламгер қай жазбасында болмасын
фашистердің шынайы келбетін әшкерелеп,
кейіпкерлер көмегімен оларға қарсы тараптағы
күрескерлердің қайсарлығын, өжет мінезін,
қайтпас қайсарлығын керемет кестелеген.*

Қаламгер қай жазбасында болмасын фашистердің шынайы келбетін әшкерелеп, кейіпкерлер көмегімен оларға қарсы тараптағы күрескерлердің қайсарлығын, өжет мінезін, қайтпас қайсарлығын керемет кестелеген. Қай шығармасын мысалға алсаң да, ерлік даңғылына бастайтыны даусыз.


«Шығыс ұлына хат» публицистикалық туындысында «Біз ерліктің екі бірдей мектебінен тәлім алдық. Біз Шығыстың Қобыланды, Тарғын сияқты батырларынан ерлікті бір үйренсек, орыс халқының батырлары Суворов, Кутузовтардан екінші үй-

рендік. Біз Исатай мен Махамбеттің, Абай мен Амангелдінің балаларымыз. Біздің қылышымыз фашистік немістің қанымен суарылуы керек. Сөрт осы болсын!». «Заман біздікі» — ел — жер жайлы толғаныстарға толы. Перзеттік парыз бен қарыздың, шынайы шындықтарға суарылған сырлы сезімнің қуат — күші жоғары. Азаматтық пен бостандықтың өлшемі, татулық пен туысқандықтың таңбасы айқын. Бейбіт өмірге құштарлық пен балалық шаққа саяхат, жастық пен достық сырлары шындық жайттарды арқау етуімен де мәнді. Ең бастысы, әрине өмір мен өлі өлшемі, соғыс пен бейбітшіліктің бағасы — адам мұраты, арман — аңсары, еңбек тынысы негізінен кең өріс алады. Шығарма мұратынан: ел — жер, тарих пен тағдыр, жастық пен достық жырлары былай беріледі. «Біз жастар, тағдырымыз сенімен байланысты екенін білеміз. Туған жер. Біз сенің топырағыңда ғана бакытқа бөленбекпіз. Өмірдің биік шыңына қол созамыз, адам дүниесінің сан-саласына ой жүгіртеміз. Біз бакытты жастар едік. Сенің үстінде қуанышқа кенеліп, той тойлаған күндер есте. Бүгін сенің үстінде өстік, керек болса сенің үстінде өлеміз де.

Бұл майдан даласындағы шоктығы биік жақұт жауһар шығармаларды жолдар еді.

Қаламы қаһарына айналған қаламгер майдан ошағында қатардағы жауынгерден офицерлік дәрежеге дейін өсті. Ақтық демі қалғанша Отан алдындағы антына адал болды. 1944 жылдың ақпанында Украинаның Ново-Юльевка аталатын кеңшар аймағында саперлік міндетін атқарып жүріп, қаза тапты.

Аға лейтенант **Б.ҚОЖАНТАЙ,**
«ОС-ЧР».
Сурет ғаламтордан.



Қатардағы
жауынгер
Сапарбек МАДИ

ТӘУЕЛСІЗДІК
ТҰҒЫРЫМ

*Бастадым ақпарақтың міне басын,
Сөз айтамын үлкенді кіші жасы.
Отанды сүю деген үлкен бақыт,
Түсінбейтін жастар бар ойдың қасы.*

*Айта кетсем ойымның сөз сарасын,
Толқытатын жасадай көп
жай қылатын,
Көптен бері айтылмаған
тақырыптар,
Міне қазір басылады ақ парақта.*

*Содан бері зымырап жылдар өтті,
Егемен ел алғалы біраз бопты,
Көк туымыз желбіреп көк аспанда,
Күн сәулесі жарқырап нұр төгілді.*

ТОЛҒАУ

*Ойлап кетсем егер, әскердегі өмірім,
Туған туыс, ата-ана, жырақта жүр
көңілім.
Сағыну мен өтеді екен, туған-туыс
бауырды,
Өтеу керек, өтеу керек әскердегі
борышты.*

*Қорғау керек тік тұрып шекараны,
Ата-бабам сақтаған кең даланы.
Таңғажайып даланы қорғай білсек,
Алланың үлкен бір сыйы болады.*

*Жастарым бар борышынан қашып
жүрген,
Сол жастарға айтарым бар өткір
сөзбен:
— Кел бауырым әскерден қорықпа сен,
Темірдей бір тәртіпті үйрен бізден.*

*Әскерде сен шыдайсың барлығына.
Ыстығы, суығы мен жауынына,
Әскердегі борышың жылдам өтсін.
Ораларсың туған жермен бауырыңа.*